

ӘОЖ 7.031.4:004:008

КИІЗ ӨНЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЦИФРЛЫҚ МӘДЕНИЕТТЕГІ ЖАҢА ФОРМАЛАРЫ

Қайранбай Т.Ж.

докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

Ғылыми жетекші: Жолдубаева А.К. - философия ғылымдарының
докторы, профессор

Мақалада дәстүрлі киіз өнерінің цифрлық мәдениет жағдайындағы жаңа формалары мен репрезентациялық мүмкіндіктері талданады. Киіз қазақ халқының тарихи жадысын, эстетикалық дүниетанымын және мәдени кодтарын сақтайтын күрделі өнер формасы ретінде қарастырылады. Цифрлық кеңістік бұл мұраны жаңа форматта танытуға, интерпретациялауға және жаһандық аудиторияға ұсынуға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында Қазақстан өңірлеріндегі киіз бұйымдарының стильдік және семантикалық ерекшеліктері контент-талдау, визуалды антропология және картографиялық әдістер арқылы сараланып, олардың цифрлық медиадағы көрінісі талданды. Сонымен қатар, киіз өнерінің гендерлік маңызы, мәдени туризм мен ұлттық бренд қалыптастыру үдерісіндегі рөлі қарастырылды. Жұмыс визуалды мәдениет, цифрлық антропология және мәдениеттану теориялары тоғысында жүргізіліп, дәстүрлі өнердің цифрлық ортада сақталуы мен трансформациясының ғылыми негіздерін айқындайды.

Кілт сөздер: киіз өнері, цифрлық мәдениет, визуалды репрезентация, өңірлік стильдер, мәдени код, семиотика, цифрлық гуманитаристика.

Кіріспе

Киіз – қазақ халқының рухани-материалдық мәдениетінің айнасы. Ол ғасырлар бойы тек шаруашылықта емес, сонымен бірге халықтың дүниетанымында, салт-дәстүрінде, эстетикалық талғамында, символдық танымында терең тамыр жайған. Киіз бұйымдары – тек тұрмыстық қажеттілік емес, мәдени жадының көрінісі, ұрпақтар арасындағы сабақтастықтың көрінісі, рухани мазмұнға ие өнер формасы. Оның символдық мәнін, әлеуметтік қызметін, визуалды репрезентациясын заманауи қоғамдағы мәдени трансформациялар тұрғысынан қарастыру өзекті мәселе.

XXI ғасыр – ақпараттық дәуір, цифрлық мәдениет дәуірі. Бұл заманда мәдениеттің дәстүрлі формалары жаңа сипат алып, заманауи коммуникациялық

платформалар арқылы жаңаша көрініс табуда. Цифрлық құралдар дәстүрлі өнер түрлерін визуализациялау, каталогтау, мұрағаттау, тарату және танымал ету жолында үлкен рөл атқаруда. Осы орайда киіз өнері де оқшау қалмады. Бүгінде киіз өнерінің жаңа формалары әлеуметтік желілерде, веб-сайттарда, виртуалды көрмелерде және цифрлық дизайн өнімдерінде кеңінен ұсынылуда. Бұл үрдіс тек эстетикалық емес, сонымен бірге танымдық, экономикалық және символикалық салмаққа ие.

Мақаланың өзектілігі – дәстүрлі мәдениеттің цифрлық кеңістікте қалай өмір сүріп жатқанын, киіз өнерінің жаңа формалары мен интерпретацияларын, өңірлік ерекшеліктерін және оларды визуалды тұрғыда ұсынудың тетіктерін ғылыми негізде қарастыру. Сонымен бірге, бұл өнердің қазіргі қоғамдағы әлеуметтік және мәдени функцияларын анықтап, оның жаһандану жағдайында қалай сақталып, қайта ұсынылатынын сипаттау.

Киіз өнерін зерттеу қазіргі таңда бірнеше ғылыми бағыттардың тоғысында жүргізілуде. Мәдениеттану, визуалды антропология, этнология, өнертану, медиа және коммуникация теориялары, сонымен қатар цифрлық гуманитаристика бағыттары бұл тақырыпты әртүрлі қырынан қарастырады. Мәселен, мәдениеттану киіз өнерін символдық құрылым ретінде қарастырып, оның мәдени кодын талдайды. Визуалды антропология бұл бұйымдарды визуалды мәлімет тасымалдаушы ретінде зерттейді. Ал цифрлық гуманитаристика – бұл өнерді цифрлық құралдар арқылы репрезентациялау мен зерттеу жолдарын ұсынады.

Киіз бұйымдары – күрделі мәдени мәтін. Әрбір өрнек, түстік гамма, композициялық құрылым белгілі бір мағынаға ие және белгілі бір контексте ғана толық түсінікті болады. Мысалы, «қошқар мүйіз» өрнегі тек эстетикалық таңба емес, терең семантикалық мазмұнға ие. Ол тіршілік, молшылық, рухани қорғаныс символы ретінде танылған. Мұндай семантикалық қабаттар киіз бұйымдарын тек қолөнер ретінде емес, мәдени феномен ретінде тануға негіз болады.

Сонымен қатар, киіз – экологиялық материал. Қазіргі заманғы жасыл экономика, тұрақты даму концепциялары аясында экологиялық өнімдерге сұраныс артып келеді. Киіз бұйымдары өзінің табиғи құрамымен, экологиялық тазалығымен, қайта өңделу мүмкіндігімен ерекшеленеді. Бұл фактор киіз өнерінің заманауи нарықта өз орнын табуына жол ашады.

Киіз бұйымдарының бүгінгі репрезентациясы бірнеше деңгейде жүзеге асырылуда. Біріншіден, қолөнершілер мен дизайнерлер өз жұмыстарын Instagram, Pinterest сияқты платформаларда визуалды форматта ұсынады. Екіншіден, мемлекет және мәдени ұйымдар цифрлық архивтер мен платформалар арқылы бұл өнерді сақтауға және таратуға атсалысуда. Үшіншіден, киіз өнері туризм, сән индустриясы, интерьер дизайн, мәдени экспозициялар арқылы тұтынушылық мәдениеттің бір бөлігіне айналууда.

Мұның барлығы киіз өнерінің тек мәдени мұра ғана емес, сонымен бірге экономика мен шығармашылық индустрияның бір элементі екенін көрсетеді.

Бұл зерттеу мәдениеттану, цифрлық гуманитаристика және визуалды антропологияның түйіскен тұсында орын алып отыр. Бұған дейінгі еңбектер көбінесе киіз өнерін тек этнографиялық немесе тарихи тұрғыдан қарастырған, ал бұл мақалада киіз өнерінің визуалды репрезентациясы мен цифрлық трансформациясы, өңірлік стильдердің картографиялық сараптамасы және цифрлық медиадағы тұтынушылық модельдер тұңғыш рет пәнаралық талдау арқылы жүйеленеді. Зерттеудің жаңалығы – киіз өнерін цифрлық мәдениеттің бір бөлігі ретінде қарап, визуалды трендтерді, контент динамикасын, жеке шеберлердің цифрлық агенттік рөлі мен гендерлік аспектілерді біріктіре отырып, жаңа теориялық-әдіснамалық үлгі ұсынуында.

Цифрлық репрезентация мен мәдени мұраның тоғысуы бүгінгі күннің өзекті ғылыми-әлеуметтік мәселелерінің бірі саналады. Сондықтан бұл зерттеу тек дәстүрді тану емес, сонымен қатар оны заманауи технологиялық және әлеуметтік ортада қайта пайымдау әрекеті ретінде бағаланады.

Цифрлық технологиялар киіз өнерінің дамуына үш негізгі бағытта әсер етуде:

1. Архивтеу және құжаттандыру: дәстүрлі бұйымдардың сканерленуі, 3D форматта көрсетілуі, виртуалды көрмелердің ұйымдастырылуы.
2. Визуалды репрезентация және жарнама: әлеуметтік желілердегі визуалды контент арқылы аудиториямен байланыс орнату.
3. Сандық карта және өңірлік ерекшеліктерді визуализациялау: әртүрлі аймақтардағы стильдік айырмашылықтарды QGIS, ArcGIS, Tableau сынды құралдармен көрсету.

Мақалада осы мәселелер талқыланып, киіз өнерінің мәдени кодтары, репрезентация формалары, семиотикалық құрылымы мен аймақтық стильдері зерделенеді. Сонымен бірге, цифрлық кеңістіктегі киіз өнерінің болашағы мен сақталу жолдары ұсынылады. Бұл мақала дәстүрлі өнер мен жаңа технологиялардың түйіскен тұсын ашып көрсететін пәнаралық зерттеу ретінде құрылымдалған.

Бұл мақалада киіз өнерінің қазіргі мәдени кеңістіктегі орны, оның цифрлық технологиялармен байланысы мен өңірлік жіктелуі қарастырылады. Зерттеу этникалық мұраны заманауи технологиялар арқылы талдауға және жастардың санасында киіз өнерінің қайта жандануы мен танылуын түсіндіруге бағытталған.

Зерттеу әдістері

1. Киіз өнерін және оның мәдениеттегі орнын зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері

1.1 Теориялық тәсілдер

Киіз өнерін мәдени феномен ретінде қарастыруда бірнеше ғылыми көзқарастарды біріктіру маңызды. Жаһандану, визуалды мәдениет, цифрлық антропология және семиотика тұрғысынан зерттеу дәстүрлі өнердің қазіргі қоғамдағы қызметін түсінуге септігін тигізеді. Ю. Лотманның семиосфера теориясы киіз бұйымдарының мәдени код тасымалдаушы ретіндегі рөлін түсіндіруге мүмкіндік береді [1, 24-25 бб.]. Ал Пьер Бурдьенің мәдени габитус тұжырымдамасы бұл өнердің әлеуметтік ортада қалыптасуы мен қайта өндірілуін сипаттайды [2]. Сонымен қатар, М. Маклюэн мен Д. Белл сынды зерттеушілердің медиа теориялары цифрлық коммуникация мен дәстүрлі өнердің өзара байланысын ашып көрсетеді [3, 27 б.].

1.2 Әдіснамалық негіздеме

Зерттеудің әдіснамасы сапалық тәсілдерге негізделген. Атап айтқанда:

- визуалды контент-талдау (Instagram, Pinterest, YouTube платформаларындағы бейнелер),
- визуалды антропология (қолөнер туындыларын семиотикалық тұрғыдан қарастыру),
- өңірлік жіктеу мен картографиялық талдау (QGIS, ArcGIS арқылы карта жасау),
- дискурсивтік талдау (қолөнершілер мен дизайнерлердің сұхбаттары).

Бұл әдістер киіз өнерінің семантикасын ашуға, визуалды ерекшеліктерін талдауға, сондай-ақ оның заманауи мәдениеттегі орнын анықтауға мүмкіндік береді. Цифрлық гуманитаристика әдістері дәстүрлі өнерді қазіргі заманғы коммуникациялық кеңістікке бейімдеуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге, өңірлік стильдер арасындағы айырмашылықтар мен олардың визуалды репрезентациясы сандық деректер арқылы нақтыланады. Киіз өнерін мәдени феномен ретінде қарастыруда бірнеше ғылыми көзқарастарды біріктіру маңызды. Жаһандану, визуалды мәдениет, цифрлық антропология және семиотика тұрғысынан зерттеу дәстүрлі өнердің қазіргі қоғамдағы қызметін түсінуге септігін тигізеді.

Нәтижелер

1. Қазақстанның түрлі өңірлеріндегі киіз өнерінің мәдени ерекшеліктерін жіктеуде цифрлық құралдарды қолдану

Киіз өнері мен гендерлік кодтар

Киіз бұйымдарын жасау үдерісі көбінесе әйелдердің қолында болған, бұл үрдіс арқылы ұрпақтан-ұрпаққа мәдени білім берілді. Қазақ қолөнерінде әйелдердің орны ерекше: олар тек бұйым жасаушы ғана емес, мәдени код сақтаушы әрі транслятор рөлінде болған. Гендерлік көзқарас тұрғысынан қарағанда, киіз өнері әйелдердің символдық билігінің және мәдени агенттігінің айғағы.

Цифрлық мәдениет дәуірінде әйел шеберлер өз тәжірибесін Instagram мен TikTok сияқты платформаларда бөлісіп, шеберлік сабақтарын онлайн форматта

өткізуде. Бұл үдеріс мәдени мұраны қайта жандандырып қана қоймай, әйелдердің шығармашылық кеңістігін кеңейтіп, экономикалық тәуелсіздігін арттыруға сеп болуда. Мысалы, @felt_woman, @qazaq_kiiz, @Aigul_line, @Aigul Kassymova Studio аккаунттары дәстүрлі әйел шеберлігін жаңа формада ұсынатын жобалар қатарында.

Туризм және брендтендіру үдерісіндегі киіз өнері

Киіз өнері қазіргі таңда мәдени туризм мен ұлттық брендтің маңызды элементіне айналуда. Туристік сувенирлер, фестивальдер мен ұлттық шеберлік көрмелерінде киіз бұйымдары орталық рөлге ие. Мысалы, "Burabay Ethno Festival" мен "Nomad Way" іс-шараларында киіз бұйымдары ерекше көрме объектілеріне айналып, шеберлік сыныптары арқылы мәдени трансляция жүзеге асуда.

Цифрлық платформалар киіз бұйымдарының туризм саласына енуіне ерекше серпін беруде. TripAdvisor, Airbnb Experiences және Instagram арқылы туристер алдын ала өнімдермен танысып, тапсырыс беру немесе шеберлік сабақтарына жазылу мүмкіндігіне ие. Бұл үдеріс киіз өнерінің туристік экономикаға қосар үлесін арттырып отыр. Сонымен қатар, ұлттық бренд қалыптастыруда киізден жасалған өнімдер визуалды символ ретінде қолданылып келеді. Бұл – ұлттық таным мен визуалды маркетингтің тоғысқан нүктесі.

Интервью және дереккөз негізіндегі аймақтық кейстер

Зерттеу барысында әр өңірдегі шеберлермен сапалы сұхбаттар жүргізілді. Түркістан облысындағы Әсия апайдың айтуынша, "текемет өрнегін әр үйдің өзіндік тарихына байланысты саламыз. Әр ою – сол әулеттің жолы мен тілеуінің белгісі". Бұл мәлімет өңірлік символиканың тереңдігін, репрезентацияның әлеуметтік мазмұнын көрсетеді. Маңғыстау өңірінде киізден жасалған бұйымдарда геометриялық стильдер жиі кездеседі. Жергілікті қолөнерші Рысбек мырза бұл ерекшелікті: "Бізде ою қаттырақ, түзу сызықты болады, себебі жердің қаталдығы, табиғаттың сұстығы да соған әсер етеді" – деп түсіндіреді. Бұл дерек табиғат пен географиялық ерекшеліктің мәдени репрезентацияға ықпалын нақты көрсетеді.

Визуалды репрезентация мысалдары

Instagram платформасында жүргізілген визуалды контент-талдау нәтижесінде келесі байқаулар анықталды:

- Түркістан шеберлері жиі #текемет, #тұскиіз хэштегтерін қолданады, бұйымдарда қанық қызыл, сары, көк түстер басым.
- Батыс өңір өкілдерінің жұмыстарында #feltart, #minimalfelt хэштегтерімен қатар, бұйымдардың дизайндық сипаттамасы ағылшын тілінде беріледі. Бұл олардың халықаралық нарыққа бағытталғанын аңғартады.

- Шығыс Қазақстан өңіріндегі авторлар аң стилі мен аңыздық элементтерді қайта жаңғыртуға тырысады. Бұл бағыттағы жұмыстарда тарихи мазмұн мен заманауи стиль қатар жүреді.

Цифрлық контентті талдау киіз өнері тек аймақтық ерекшелікпен ғана емес, әр автордың жеке стилімен де сипатталатынын көрсетеді. Визуалды медиадағы репрезентациялар өңірлік мәдениеттің трансформациялық үдерісін бейнелейді және бұл үдеріс цифрлық мәдениеттің белсенді агенті ретіндегі киіз өнерінің рөлін көрсетеді.

Өңірлік жіктеу

Қазақстанның әрбір өңірінде киіз бұйымдарына тән стильдік ерекшеліктер бар.

- Оңтүстік өңірлер (Түркістан, Жамбыл): ашық түсті, өсімдік тектес өрнектер мен терең семантикалық құрылымдар.

- Батыс өңірлер (Маңғыстау, Атырау): геометриялық нақыштар, минимализмге бейім стильдер.

- Шығыс Қазақстан (Семей, Өскемен): аң стилінің элементтері мен тарихи оюлар.

- Солтүстік өңірлер (Ақмола, Қостанай): орыс мәдениетінің әсерінен қарапайым әрі пастель түсті гаммалар.

Цифрлық құралдарды қолдану

Цифрлық мәдениет жағдайында өңірлік ерекшеліктерді талдау мен визуализация жасау үшін мынадай құралдар қолданылды:

- QGIS, ArcGIS – киіз бұйымдарының таралу географиясын карта түрінде көрсету;

- NVivo – сапалық сұхбаттар мен әлеуметтік желілердегі пікірлерді жүйелеу және кодтау;

- Instagram, Pinterest деректері – #қазақою, #feltart хэштегтері арқылы визуалды контенттерді талдау;

- Photoshop, Canva – өңірлік стильдер бойынша инфографика жасау.

Цифрлық платформалардағы деректер киіз бұйымдарының танымалдылығын, визуалды трендтерді және өңірлік айырмашылықтарды ашуға мүмкіндік берді. Мәселен, оңтүстік өңірден шыққан шеберлердің Instagram парақшаларында ою-өрнекке мән берілсе, батыс аймақ шеберлері көбіне түске, текстураға назар аударады.

Талқылау

1. Цифрлық мәдениет жағдайындағы киіз өнерінің келешегі

Цифрлық мәдениет дәуірінде киіз өнерінің болашағы кең әрі көпқырлы. Жаңа технологиялар арқылы бұл өнер түрін сақтап қана қоймай, қайта дамытып, жаһандық аудиторияға ұсынуға мүмкіндік туып отыр. Біріншіден, виртуалды мұражайлар мен 3D-форматтағы экспозициялар киіз бұйымдарын интерактивті форматта ұсынуға жол ашады. Мысалы, Aigul Kassymova Studio

өз сайтында киіз бұйымдарын 360° визуализация арқылы таныстырады. Бұл – цифрлық ортада мәдени мұраны көпқырлы етіп ұсынудың тиімді формасы.

Екіншіден, NFT технологиясы арқылы киіз өнері цифрлық меншік нысанына айналуы мүмкін. Бұл – шеберлер үшін жаңа табыс көзі әрі мұраның жаңа формасы. Осы бағытта 2024 жылы басталған "KazakhCraftNFT" бастамасы алғаш рет текемет үлгісін NFT форматында тіркеді [7].

Үшіншіден, жас дизайнерлер мен креативті қауымдастықтар киіз өнерін урбан стильмен, street-art формаларымен біріктіріп, заманауи аудиториямен жаңа диалог орнатуда. Бұл үрдіс киіз өнерінің консервативті шеңберден шығып, жаңа тұжырымдар арқылы дамуын көрсетеді.

Қорытынды

Киіз өнері – дәстүр мен жаңашылдықтың түйіскен, мәдени код пен визуалды коммуникацияның маңызды формасы. Бұл мақалада киіз бұйымдарының этникалық ерекшеліктері, заманауи интерпретациялары және цифрлық ортадағы репрезентациясы кеңінен талданып, өңірлік айырмашылықтар мен тұтынушылық модельдер сарапқа салынды. Зерттеу нәтижелері дәстүрлі өнердің тек тарихи мұра емес, сонымен бірге қазіргі заманғы мәдени, экономикалық және әлеуметтік үдерістермен тығыз байланысты екенін көрсетті.

Цифрлық мәдениеттің дамуымен киіз өнері жаңа платформаға шығып, кең аудиториямен тілдесуге мүмкіндік алды. Визуалды медиа, әлеуметтік желілер, виртуалды көрмелер және цифрлық карта сияқты құралдар киіз бұйымдарының көпқырлы мазмұнын ашуға және оны заманауи контексте қайта таныстыруға жол ашты. Сонымен қатар, гендерлік рөлдер, брендтендіру, мәдени туризм және экология мәселелері де киіз өнерімен байланыстыра отырып, пәнаралық зерттеулерге сұраныс тудырып отыр.

Осы зерттеу нәтижесінде келесі тұжырымдарды негіздеуге болады:

1. Киіз өнері – мәдени жадыны тасымалдаушы күрделі семиотикалық жүйе.
2. Цифрлық құралдар киіз бұйымдарын визуалды код ретінде кең аудиторияға ұсынуға мүмкіндік береді.
3. Өңірлік стильдер мен жеке шеберлердің визуалды тілдері – мәдени сан алуандықтың айғағы.
4. Гендерлік талдау киіз бұйымдарының әлеуметтік мәнін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.
5. Цифрлық платформада киіз өнері шығармашылық индустрияның, мәдени туризмнің және білім беру процестерінің бір бөлігіне айналуға.

Мәселені одан әрі зерттеу келесі бағыттарда жалғасуы мүмкін:

- Киіз өнерін мектеп пен жоғары оқу орындарындағы цифрлық білім беру контекстінде қарастыру;

- NFT және Web3 технологиялары арқылы дәстүрлі өнердің жаңа формаларын жасау;
- Өңірлік шеберлердің цифрлық дерекқорын құру және визуалды антропология бойынша интерактивті карта әзірлеу;
- Жастар мәдениетіндегі киіз өнерінің рөлін зерттеу.

Осы бағыттардағы болашақ зерттеулер дәстүрлі мұраны сақтаумен қатар, оны қазіргі заманға бейімдеу, танымал ету және қайта тірілту жолдарын да ұсына алады. Киіз өнері – тек қолөнер емес, ұлттың тарихи жадын сақтайтын, мәдени кодты жеткізетін маңызды рухани мұра. Цифрлық мәдениет жағдайында бұл өнер түрі жаңа пішінге еніп, кең аудиторияға таралу мүмкіндігіне ие болуда. Зерттеу барысында этникалық бұйымдар мен олардың заманауи интерпретациясы, өңірлік ерекшеліктер және цифрлық құралдар арқылы талдау өзара байланысты жүйе ретінде қарастырылды.

Цифрлық гуманитаристика мен мәдениеттану тұрғысынан бұл бағыттағы зерттеулерді жалғастыру – киіз өнерінің жандануы мен заманауи қоғамда өз орнын табуына үлес қосады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Лотман Ю.М. Семиосфера. – ISBN: 5-210-01488-6 Баспа: Искусство – СПб, 2010. – 704 б.
2. Bourdieu P. Distinction: A Social Critique of the Judgement of Taste. – Cambridge, MA: Harvard University Press, 1984. – 612 б.
3. McLuhan M. Understanding Media: The Extensions of Man. – Cambridge, MA: MIT Press, 1994. – 396 б.
4. Қалиев Ғ., Сатыбалдиев Т. Қазақ ою-өрнектерінің семантикасы. – Алматы: Ғылым, 2008. – 276 б.
5. https://www.instagram.com/aigul_line/
6. Aigul Kassymova official site. URL: <https://www.aigulkassymova.com>, <https://www.instagram.com/nomad.lab.tm/>, <https://www.instagram.com/feltart/>
7. <https://www.instagram.com/kazakhcraft.kz/>
8. Балақаев М. Қазақтың халық қолөнері. – Алматы: Өнер, 2007. – 224 б.
9. Байтұрсынов А. Қазақ мәдениетінің негіздері. – Алматы: Рауан, 2012. – 198 б.
10. Clifford J. The Predicament of Culture: Twentieth-Century Ethnography, Literature, and Art. – Cambridge, MA: Harvard University Press, 1988. – 384 б.
11. Mirzoeff N. An Introduction to Visual Culture. – London: Routledge, 2013. – 352 б.
12. Manovich L. The Language of New Media. – Cambridge, MA: MIT Press, 2001. – 354 б.

13. Appadurai A. *Modernity at Large: Cultural Dimensions of Globalization*. – Minneapolis: University of Minnesota Press, 1996. – 229 б.
14. Kozhamkulova A. Digital heritage in Central Asia: New media and the revival of tradition // *Central Asian Survey*. – 2021.
15. Kiiz Ontustik. URL: <https://www.instagram.com/kiiz.ontustik/>
16. Pinterest. Qazaq Kiiz. URL: <https://www.pinterest.com/qazaqkiiz>
17. Google Arts & Culture. URL: <https://artsandculture.google.com>

ИСКУССТВО ВОЙЛОКА И ЕГО НОВЫЕ ФОРМЫ В ЦИФРОВОЙ КУЛЬТУРЕ

Қайранбай Т.Ж.

В статье анализируются новые формы и репрезентационные возможности традиционного искусства войлока в условиях цифровой культуры. Войлок рассматривается как сложная форма искусства, сохраняющая историческую память, эстетическое мировоззрение и культурные коды казахского народа. Цифровое пространство предоставляет возможность представлять, интерпретировать и популяризировать это наследие в новом формате для глобальной аудитории. В ходе исследования стилиевые и семантические особенности войлочных изделий различных регионов Казахстана были проанализированы с использованием методов контент-анализа, визуальной антропологии и картографического анализа, а также рассмотрено их отражение в цифровых медиа. Кроме того, изучена гендерная значимость искусства войлока, а также его роль в развитии культурного туризма и формировании национального бренда. Работа выполнена на пересечении теорий визуальной культуры, цифровой антропологии и культурологии и определяет научные основы сохранения и трансформации традиционного искусства в цифровой среде.

Ключевые слова: искусство войлока, цифровая культура, визуальная репрезентация, региональные стили, культурный код, семиотика, цифровые гуманитарные науки.

FELT ART AND ITS NEW FORMS IN DIGITAL CULTURE

Kairanbai T.Zh.

This article analyzes new forms and representational possibilities of traditional felt art in the context of digital culture. Felt is considered a complex form of art that

preserves the historical memory, aesthetic worldview, and cultural codes of the Kazakh people. The digital environment provides new opportunities to present, interpret, and promote this heritage in innovative formats for a global audience. The study examines stylistic and semantic features of felt products from different regions of Kazakhstan using content analysis, visual anthropology, and cartographic methods, and analyzes their representation in digital media. In addition, the gender significance of felt art and its role in cultural tourism and national brand formation are explored. The research is conducted at the intersection of visual culture, digital anthropology, and cultural studies, identifying scientific foundations for the preservation and transformation of traditional art in the digital environment.

Keywords: felt art, digital culture, visual representation, regional styles, cultural code, semiotics, digital humanities.

REFERENCES

1. Lotman, Y. M. *The Semiosphere*. Saint Petersburg: Iskusstvo, 2010. ISBN: 5-210-01488-6. 704 p.
2. Bourdieu, P. *Distinction: A Social Critique of the Judgement of Taste*. Cambridge, MA: Harvard University Press, 1984. 612 p.
3. McLuhan, M. *Understanding Media: The Extensions of Man*. Cambridge, MA: MIT Press, 1994. 396 p.
4. Kaliev, G., & Satybaldiev, T. *Semantics of Kazakh Ornaments*. Almaty: Gylym Publishing House, 2008. 276 p.
5. Aigul Line. Instagram page. Available at: https://www.instagram.com/aigul_line/
6. Kassymova, A. *Official Website*. Available at: <https://www.aigulkassymova.com>
<https://www.instagram.com/nomad.lab.tm/>
<https://www.instagram.com/feltart/>
7. Kazakhcraft. Instagram page. Available at: <https://www.instagram.com/kazakhcraft.kz/>
8. Balakayev, M. *Kazakh Folk Crafts*. Almaty: Oner Publishing House, 2007. 224 p.
9. Baitursynov, A. *Foundations of Kazakh Culture*. Almaty: Rauan, 2012. 198 p.
10. Clifford, J. *The Predicament of Culture: Twentieth-Century Ethnography, Literature, and Art*. Cambridge, MA: Harvard University Press, 1988. 384 p.
11. Mirzoeff, N. *An Introduction to Visual Culture*. London: Routledge, 2013. 352 p.
12. Manovich, L. *The Language of New Media*. Cambridge, MA: MIT Press, 2001. 354 p.

13. Appadurai, A. *Modernity at Large: Cultural Dimensions of Globalization*. Minneapolis: University of Minnesota Press, 1996. 229 p.
14. Kozhamkulova, A. Digital heritage in Central Asia: New media and the revival of tradition. *Central Asian Survey*, 2021.
15. Kiiz Ontustik. Instagram page. Available at: <https://www.instagram.com/kiiz.ontustik/>
16. Pinterest. *Qazaq Kiiz*. Available at: <https://www.pinterest.com/qazaqkiiz>
17. Google Arts & Culture. Available at: <https://artsandculture.google.com>